№61 (10051)
3 тамыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Брифинг

Жартыжылдықта жарқын жобалар жүзеге асты

Тамыры терең, тарихы кенен Жалағаш ауданы қазіргі уақытта қайнаған қызу жұмыстың, тынымсыз тірліктің, қарқынды құрылыстың ордасына айналды. Биыл да елдегі экономикалық даму мен қалыптасқан саяси тұрақтылықтың арқасында аудан халқының қажетіне жарайтын ірі серпінді жобалар жүзеге асты. Мұнан бөлек аудандағы өзекті мәселелерді шешу мақсатында көптеген жобалар әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Ардақ Ибраимов баяндады.

– Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданда жоспарланған ауқымды шаралар жүзеге асырылып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында жұмыстар атқарылып келеді. Бұл жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аудан экономикасын әртараптандыруға бағытталған. Нәтижесінде экономикада тұрақты өсім қалыптасты. Жалағаш ауданы барлық бағыттар бойынша өсу динамикасын жалғастырып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда негізгі әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларына қол жеткізілді, – деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Кеңес

Кәсіпкерлерді қолдау маңызды

Кеше Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы мен қаржылық ұйымдар, мемлекеттік және құзырлы орган өкілдерінен құрылған жұмысшы топ аудан кәсіпкерлерімен кездесті.

Аудандық бизнес өкілдеріне арналған жиынды аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов жүргізіп, кәсіпкерлерді шараға белсене атсалысуға шақырды. Сондай-ақ ол кәсіпкерлікті қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды айта отырып, бұл салаға әрқашан қолдау бар екенін жеткізді. Аудан прокуроры Әділжан Оразғали өз кезегінде прокуратура тарапы кәсіпкерлердің құқығын қорғауға әркез дайын екенін айтты.

Кездесу барысында шағын және орта кәсіпкерлік саласының дамуы, салық есептіліктерін тапсыру, кәсіп ашуға берілетін жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік бағдарламалар жөнінде талқыланды.

Жиын қорытындысында аудан кәсіпкерлері өз сауалдарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Сұрақтардың басым бөлігі кәсібін кеңейту жолында алынатын несие мен оған қойылатын кепілдемеге қатысты болды. Осы орайда мамандар барлық тиімді жолдарды түсіндіріп, әр салаға қатысты бағдарламалармен таныстырып өтті.

Жиыннан соң жұмысшы топ мемлекеттік бағдарламалардан несие алып, кәсібін дөңгелентіп отырған «Ботақан» ойын-сауық орталығы мен «Мега планета» дүкенінің бүгінгі тынысымен танысты.

«ЖЖ» ақпарат

Үкімет

Қауіпсіздік қаперде болсын

Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің айтуынша, елімізде жыл сайын жол-көлік оқиғаларынан 2 мыңнан астам адам қаза тауып, 19 мыңнан астам адам жарақат алады. Бұл туралы ол Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында кеңінен тоқталып, апаттардың өсу себептерін тілге тиек етті.

Министрдің айтуынша апаттардың өсуіне тіркеу тәсілдерінің өзгеруі мен автокөліктер санының артуы сеп болған. Мәселен, былтырдан бері автокөлік саны 608 мыңға дейін көбейген. Сондай-ақ инфрақұрылымның жағдайы мен жүргізушілер тәртібінің сапасы сеп болуда.

Министрдің айтуынша 2006 жылдан бері «Астана-Щучинск» жолындағы адам шығыны 75-тен 12-ге азайған. «Астана-Теміртауда» 30-дан 18-ге азайған. Өңірлер арасында Ұлытау, Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстарының трассаларында өлім-жітім деңгейі жоғары. Мысалға, шілде айында Қарағанды облысы «Алматы-Екатеринбург» трассасының, жөнделіп жатқан учаскесінде 2 апта ішінде 3 жол көлік оқиғасы болған. Онда 9 адам қаза тауып, 14-і жарақат алған. Мұнан бөлек, Ақтөбе облысындағы бір шұңқырдың кесірінен 2 жол апаты болып, салдарынан 4 адам зардап шегіп, 1-еуі қаза тапқан. Министрдің айтуынша, мұндай фактілер әр аймақта бар. Себебі республикалық жолдардың тек 3 пайызы ғана қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді. Осындай жолдарды жөндеген соң ғана адам шығыны бірнеше есеге азаймақ.

Көлік министрлігінің мәліметінше, бүгінде республикалық маңызы бар жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 3 200 шақырым жол 4 жолақты қозғалысқа ауыстырылды, 5 мыңнан астам шаршы метр арнайы жолақ, жарықты қамтамасыз ететін 630-ға жуық жол белгісі мен 1230 жол буферi орнатылған.

Жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында қалалар мен елді мекендерді айналып өтетін 52 айналма жол және 32 жаяу жүргіншілер көпірі салынған. Сонымен қатар жануарлардың жолға шығуын алдын алу үшін 1 мың 500 шақырым қоршау мен 319 мал айдау өткелдері қамтамасыз етілген.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың айтуынша, былтыр полиция департаментінің материалдық-техникалық базасын жабдықтауға облыстық бюджеттен 3,3 млрд теңге, биыл жергілікті бюджеттен тағы 2,1 млрд теңге бөлінген. Полиция инспекторларына 18 қызметтік автокөлік табысталған.

Айта кетейік, Қызылорда қаласы аумағына 100 бейнебақылау камерасы мен 10 «Сергек» қондырғысы орнатылған. Бұдан бөлек, 10 «Ekin Patrol G2» және 21 «Vuewo» мобильді кешені жұмыс жасауда. Дегенмен, Қызылорда қаласында жол-көлік оқиғалары 120-ға, қайтыс болғандар саны 5-ке, жарақат алғандар саны 150-ге артқан.

Сондай-ақ биылғы 6 айда 58 жаяу жүргіншілерді көлік қағу жағдайы тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 77,5 пайызға өскен. Жиын соңында аймақ басшысы жолдар мен көшелерге жол белгілерін орнатып, тозығы жеткендерін жаңарту, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы елді мекендер тұрғындарына малды қараусыз қалдырмау жөнінде түсіндірме жұмысын күшейтуді тапсырды.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Бәрекелді!

4 467 отбасы баспаналы болды

Биыл наурыз айының аяғында шығыстан басталған тасқын еліміздің 10 шақты облысын жайлады. Мұндай су тасқыны бұрын-соңды болған емес. Арнасынан асқан су айдындары жолындағы елді мекендердің барлығын дерлік жайпап өтті. Бас-аяғы 10 мыңға жуық баспана су астында қалды. 100 мыңнан астам адам өз үйін тастап, басқа жерді паналауға мәжбүр болды. Алайда ешкім далада қалған жоқ, бірлігі мығым халық, ел қамын жеген мемлекет те қолдан келгенше көмегін аямады.

– Біз сын сағатта жұрт болып жұмылдық. Үкімет, мемлекеттік органдар, құзырлы мекемелер және еріктілер бірлесе жұмыс істеді. Соның арқасында 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Оның 45 мыңға жуығы – балалар. Ең бастысы, біз адам өмірін барынша сақтап қалдық. Жағдай менің толық бақылауымда, – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сын сағатта елмен бірге екенін айтты.

Айта кетейік, ел бойынша қауіпті аймақта халықты құтқаруға 4 мыңнан аса техника мен 31 мыңнан астам адам жұмылдырылған еді. Олардың арасында кәнігі құтқарушылардан бөлек әскерилер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әкімдіктің мамандары мен еріктілер де болды.

Міне, сол табиғи апаттан бері 4-5 ай өтті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қиын-қыстау заманда халық бір-бірінің тілеуін тілеп, болашаққа сеніммен көз тікті. Олай болары заңдылық, Үкімет үйсіз қалғандарға баспана салып берсе, жұмысынан, кәсібінен айырылған азаматтарға қаржылай көмек те беруде.

Нақтырақ тоқталсақ, 34 068 отбасына бір реттік 100 АЕК көлемінде өтемақы төленген. Жалпы осы мақсаттарға барлығы 12,5 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалған. Бағалау аяқталуына қарай жоғалған ең қажетті заттарын сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша төлемдер де жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда 21 800 отбасы жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге тиісті өтемақы алған.

Қазіргі уақытта барлық облыста тұрғын үй мен саяжай құрылысын тексеру және бағалау жұмысы толығымен аяқталған. Бүгінде 4 467 отбасы үшін қираған баспанасының орнына жаңа үй мен пәтерлер сатып алынған. Мәселен, 323 жаңа үй салынып, кілт өз егесін тапқан. Солтүстік Қазақстан облысында 235 отбасы, Қостанай облысында 57, Ақтөбе облысында 26 және Павлодар облысында 5 отбасы жаңа үйдің кілтін алды. Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде күзге дейін барлығы 2 568 үй салып, тапсыру жоспарланған. Бүгінде құрылыс қарқынды жүргізіліп жатыр.

Комиссия шешімдерінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 48,2 млрд теңгеге 8 717 отбасы тұрғын үйін жөндеуге және қалпына келтіруге өтемақы алған. Мұнан бөлек зардап шеккен бизнеске келтірілген шығынды өтеу бойынша жұмыс та жүргізілуде. Өңірлік комиссиялар шағын, орта бизнес субъектілерінің жалпы сомасы 5,8 млрд теңгеге 374 өтінішін қарап, мақұлдаған. Сондай-ақ нәпақасын тауып отырған малынан айырылғандарға берілген мемлекеттік көмек көлемі 2,8 млрд теңгеден асқан.

Кеше табиғи апаттың зардабын көріп, барынан айырылған халық міне бүгінде жаңа баспанаға кіріп, мәресәре болып жатыр. Ең бастысы біз бұл қиын сынақтан Қазақ елінің бірлігі мен ынтымағының, бір-біріне жанашырлығының арқасында сүрінбей өттік деп ұялмай айта аламыз.

Жандос ЖАЗКЕН

Жартыжылдықта жарқын жобалар жүзеге асты

Өңдеу өнеркәсібі 8 есеге артқан

Алғашқы жартыжылдықты сараласақ, расында 6 айда ауданда ауқымды жұмыстардың жүзеге асқанын бағамдаймыз. Мәселен, биыл 6 айда ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасқан. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 144,8 пайызға (20,08 млрд теңге, өңдеу өнеркәсібі 8 есеге (7,2 млрд), инвестициялар тарту 120,1 пайызға (9,5 млрд теңге), бөлшек сауда 101,6 пайызға (1,3 млрд теңге), ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 101,7 (2,7 млрд теңге), пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 104,2 (14,0 мың шм), құрылыс жұмыстары 132,6 пайызға (4,6 млрд теңге) орындалған.

8,5 млрд теңгеге 31 жоба жүзеге асады

Биыл аудан бюджеті 12,5 млрд теңге көлемінде қалыптасқан. Оның ішінде жергілікті кірістер болжамы 2,2 млрд, субвенция 4,1 млрд, трансферттер 4,3 млрд, бюджеттік кредиттер 1,6 млрд теңгені құрайды. Былтыр 5,7 млрд теңгені құрайтын 38 жоба жүзеге асырылып, ел игілігіне пайдалануға берілген. Ал биыл бюджет қаражаты есебінен 31 жобаны іске асыруға 8,5 млрд теңге қаралған. Оның ішінде Ұлттық қордан 3,1 млрд, ел тайқазанынан 1,7 млрд, облыстық бюджеттен 3,6 млрд, аудандық бюджеттен 35,9 млн теңге бөлінген.

Тарқатып айтсақ, жарқын жобалардың қатарында 2 елді мекенді газдандыру жұмыстары бар. Биыл 1693 халқы бар Ақсу мен 196 отбасы мекен еткен Мәрәлі Шәменов ауылы көгілдір отынға қосылады. Қаракеткен ауылында дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізілуде. Мұнан бөлек 3 елді мекеннің электр желілері қайта жаңыртылуда. Аудандық маңыздағы жол құрылысы қарқын алып, Таң-Жаңақоныс, М.Шәменов ауылына кіреберіс жолдар жөндеуден өтуде.

Ардақ Әбдіғаппарұлы 3 елді мекеннің, яғни Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көше, Аққұм ауылындағы 10 көше, Саламесек ауылдық округіндегі 5 көше күрделі жөндеуден өткізілетінін айтты. Бүгінде бұлардың алды жүзеге асып, ауылдарда жол құрылысы қарқын алды.

Жалағаш кентіндегі 2 көппәтерлі тұрғын үйді қайта жаңырту жұмыстары да осы жылдың еншісінде. Сондай-ақ Таңдағы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіледі. Ал 4 әлеуметтік нысанға газ отыны қазандығы орнатылады. Жаңаталапта балалар ойын алаңын салу да жоспарда бар. Мұнан бөлек 2 елді мекенде ойын алаңдарын қайта жөндеу және аудан орталығынан халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жалдамалы тұрғын үйлер сатып алу да ойда бар. Осы мәселемен ауданда 479 адам кезекте тұрса, биыл соның 101-і баспаналы болмақ.

39 нысанның жоба-сметалық құжаты дайын

Жалағаш кентінде «Руханият» орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Ал 300 орындық «Жайлы мектеп», Аққұр ауылынан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жуық арада басталады. Сонымен қатар бүгінде аудан бойынша жалпы құны 15,6 млрд теңгені құрайтын 39 нысанның жоба-сметалық құжаттары дайындалып, республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру үшін тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған.

Тарқатып айтсақ, олардың қатарында жалпы құны 4 481 млн теңгені құрайтын жолдар құрылысына қатысты 15 жоба бар. Демек алдағы уақытта да ауданда жол құрылысы қарқын алмақ. Мұнан бөлек білім саласына қатысты 1 535,1 млн теңгенің 2 жобасы бар. Газбен қамту бойынша 80 млн теңгені құрайтын тағы 1 жоба бар. Сондай-ақ электрмен қамту бойынша 5, қорғаныс саласы бойынша 2, абаттандыру бойынша 1, кәріз жүйесіне қатысты 1, ауызсу мәселесіне қатысты 1, табиғи ресурстар бойынша 2 жоба дайын екен. Бюджеттік өтінімге жолданған құжаттар қатарында мәдениет саласына қатысты 6 жоба бар. Сондай-ақ 1 әкімшілік ғимарат салу да көзделген. Бұдан бөлек алдағы жылдары іске асыру жоспарланған 15 нысанның жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге 215,8 млн теңгеге жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі бұл жобалар да қаржылай қолдау тапса, ел ішіндегі өзекті мәселелер шешімін табатынын айтады. Мәселен, жолдар, ішкі көшелерді жөндеуден өтеді. Газбен қамту бойынша 1 жоба жүзеге асады. Бас жоспарға түзетулер енгізіліп, тұрғын үйлер күрделі жөндеуден өтеді.

Шағын және орта кәсіп шыраған

Брифингте Ардақ Әбдіғаппарұлы БАҚ өкілдеріне ауданда шағын және орта кәсіпкерліктің даму барысын баяндады. Сөзінше, бұл салада соңғы жылдары серпін қалыптасқан. Мәселен, І жартыжылдықта ауданда жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2949-ға жетсе, оның бүгінде 95,4 пайызы нақты жұмыс жасап тұр.

Биыл 6 айда кәсіпкерлік саласына қаржы институттары арқылы 2,3 млрд теңге тартылып, 52 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде ауданда аталған салаға бұл үлкен қолдау болды, бір жағынан 54 жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар ауданда жеке кәсіпкер Еркебұлан Каиповтың жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын «Ботақан» балалар ойын-сауық және сауда орталығы іске қосылды. Ғазиз Исахановтың жалпы құны 250 млн теңгені құрайтын 140 орындық «Жас қыран» бөбекжай балабақшасы пайдалануға берілді.

Биыл кент, ауылдық округтерден «Ауыл аманаты» жобасына 318,3 млн теңгені құрайтын 49 жоба дайындалған. Тамыз айынан бастап қаржыландыру жоспарлануда. Аудан әкімі өңірде өндірістік жобаларға да басымдық беріліп жатқанын жасырмады. ҚР өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустриаландыру картасына енгізілген Бірыңғай жалпыұлттық жобалар пулы аясында ауданда жалпы құны 500 млн теңгені құрайтын жеке кәсіпкер Д.Ержановтың жеке қаражаты есебінен «Күріш ақтау және жем өндіру» зауыты жылдың соңына дейін іске қосылады деп күтілуде. Өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пулы аясында жалпы құны 722 млн теңгені құрайтын 2 жоба іске асырылады. Оның бірі – «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгені құрайтын «Өндірістік база» цехының құрылысы. Кәсіпорын мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен лапша өнімдерін шығаруға негізделген. Жоба биыл толық іске қосылып, жаңадан 22 жұмыс орны құрылады.

Келесі жоба – жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 млн теңгені құрайтын «AKNIET» құрылыс қоспаларын шығару цехы. Бұл да биыл толық іске қосылады. Цех құрылысқа қажетті 6 түрлі өнім шығаруды жоспарлауда. Кәсіпорын іске қосылған жағдайда жаңадан 6 жұмыс орны ашылады.

Жер мақсатты пайдаланылуы тиіс

Ауыл шаруашылығы саласы – өңір экономикасының негізгі саласының бірі. Жалағаш аграрлық аудан болғандықтан, табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы саласы толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Аудандағы 335 шаруашылықтың 199-ы егінмен, 136-сы мал шаруашылығымен айналысады.

Биыл 37 676 гектар жерге егіс орналастырылды. Ауданда аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес егіс алқабын әртараптандыру жұмыстары да жалғасуда. Суды аз қажет ететін дақылдар өткен жылмен салыстырғанда 597 гектарға көбейген. Шаруашылықтар техникалық базаны да нығайтуға басымдық беруде. Биылдың өзінде 669,4 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамып келеді. Қазірдің өзінде Жалағашта 38 178 ірі қара, 35 858 уақ мал, 30 602 жылқы, 838 түйе, 10 323 құс өсірілуде. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ірі қара 4,4, жылқы 5,8, құс 2,5 пайызға артқан.

Айта кетейік, ауданда ауыл шаруашылығы жерлері бойынша биыл 17 мың гектар жер учаскесі конкурс арқылы айналымға енгізіледі. Елді мекендердегі жер учаскелерін аукцион арқылы сатудан аудан бюджетіне 15 млн теңге қаржы түскен. Жыл басынан бері мақсатына сай пайдаланылмаған, заңнаманы бұза отырып пайдаланылған 3730 гектар жер учаскесі мемлекет жер қорына қайтарылған. Былтыр да 44 106 гектар жер учаскесі мемлекетке қайтарылған болатын.

Жол сапасы жақсарған

Соңғы жылдары Жалағашта жол құрылысы қарқын алып, елді мекендердің ішкі көшелері орташа, күрделі жөндеуден өткізілуде. Құрылыс барысында ауылдарды аудан-мен байланыстыратын жолдар да назардан тыс қалмады. Биылдың өзінде жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 5 жоба іске асуда. Тарқатып айтсақ, «Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов» аудандық маңызы бар автомобиль жолын күрделі жөндеуге 305,1 млн теңге қаралған. Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына 403,1 млн теңге бөлінген. Аққұмдағы 10 ішкі көшеге 457,1 млн теңге қаралып, күрделі жөндеу жұмыстары жүруде. Ал Есет батыр ауылындағы 5 көшені күрделі жөндеуге 545,8 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда асфальт төсеу жұмыстары аяқталды. Мұнан бөлек Таң ауылында 10 екіпәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар автомобиль жолын салуға 105,7 млн теңге қаралған.

Қазіргі таңда аудан бойынша елді мекендерге бағытталған негізгі күрежолдардың барлығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Президенттің, Үкімет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен ауданаралық жолдардың мәселелері де толық шешімін тапты.

Ардақ Әбдіғаппарұлы аудандық маңызы бар жолдар мен елді мекендердің ішкі жолдарын жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін көтеру мақсатында республикалық және облыстық бюджеттерден қаржыландыру үшін жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 7 жобаның құжаттары облыстық салалық басқармаға ұсынылғанын айтады. Бұл жобалар жүзеге асса, «Жаңақоныс-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолын, Аққұмның айналма жолын реконструкциялау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар М.Шәменов елді мекенінің оң, сол жақ көше кірме жолының құрылысы, Еңбек ауылының 3 көшесін орташа жөндеу, Жалағаш кентіндегі 11 көшені күрделі жөндеу, Ақсу ауылындағы 3 көшесі, М.Шәменов ауылындағы Тәшімбетов көшесінің сапасына мән беріледі.

100 пайыз сапалы ауыз сумен қамтылған

Брифингте елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша нақты нәтижеге қол жеткізілгені айтылды. А.Әбдіғаппарұлы бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтылғанын жеткізді.

Екі ауылдың халқы көгілдір отын тұтынады

Бүгінде аудан халқының 45,1 пайызы көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Былтыр бастау алған Ақсу, М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары қазіргі таңда қарқынды жүргізілуде. Жобалардың жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайды.

Қазіргі таңда мердігер мекеме құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Қос елді мекендегі газ құрылысы қыркүйек айында аяқталып, биыл жылу беру маусымына дейін іске қосу жоспарлануда.

Аталған жобалар жүзеге асса, аудан тұрғындарының 57,8 пайызы газбен қамтылады. Аудан әкімі бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, елді мекендерді газдандыру жұмыстарын кезең-кезеңімен іске асырылатынын айтты.

Биыл Қаракеткен, Далдабай және Бұқарбай батыр елді мекендерін газдандыруға жоба-сметалық құжаттама әзірленген. Қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сонымен қатар кенттегі №123, 246 орта мектептерін табиғи газға ауыстыру жұмыстарына облыстық бюджеттен 42,5 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Мұнан бөлек биыл аудандық бюджеттен 2 әлеуметтік нысан газға қосылады. Былтыр 6 әлеуметтік нысан көгілдір отынға қосылған.

Жүзден астам отбасы баспаналы болады

Ауданда электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырымды құрайды. Ал орташа тозу деңгейі –45,2 пайызға жетіп отыр. Биыл Мырзабай ахун, Т.Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына ел тайқазанынан 922 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жыл аяғына дейін толық пайдалануға беріледі. Аталған жобалар толық іске қосылғанда аудан бойынша электр жүйесінің тозу деңгейі 32,5 пайызға төмендейді.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды фактор – сапалы инфрақұрылым, баспанамен қамту. Ауданда республикалық бюджет және облыстың ішкі қарыздар есебінен халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 101 тұрғын үй сатып алуға 1 млрд 484,6 млн теңге бөлінген. Жыл аяғына дейін жеке кәсіпкерлер арқылы аудан орталығынан салынған үйлер сатып алынып, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға табысталады.

Бюджет есебінен жүзеге асырылып жатқан жобалар жыл аяғына дейін толық аяқталады. Ардақ Ибраимов оның сапасы жеке бақылауында болатынын жеткізді. Сондай-ақ елді мекендердегі учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында былтыр аудандық бюджеттен 16,8 млн теңге бөлініп, 5 қызметтік тұрғын үй алынған. Биыл жалпы құны 10,2 млн теңгеге 3 қызметтік тұрғын үй сатып алынуда.

– Әлеуметтік салада да оң серпін бар деп айтуға толық негіз бар. Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндетіміз. Бұл бағытта оң нәтижелерге қол жеткізуге жұмыс жасап келеміз. Жалпы жұмыссыздық деңгейі – 5,1 пайызды құраса, жастар арасында жұмыссыздық деңгейі – 4,4 пайыз. Биыл ауданда 6 айда 811 жаңа жұмыс орны ашылды, – деді аудан әкімі.

Соңғы жылдары ауданда қарқынды дамып келе жатқан сала болса, ол – білім. Жыл сайын түлектер ҰБТ-дан жоғары балл жинап, ЖОО-ларда мемлекеттік грантпен білім алуға қол жеткізуде. Сондай-ақ оқушылар үлкен додаларда топ жарып, ұлағатты ұстаздар үмітін ақтап келеді.

2023-2024 оқу жылы ауданның білім саласы айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Биыл оқу жылын 20 мектептен 6 690 оқушы бітірді. Оның ішінде 11 сыныпты 420 түлек аяқтап, үлкен өмірге қадам басты. «Алтын белгіге» 18, «Үздік аттестатқа» 43 түлек ие болды.

Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектеп салынатын болса, оның 1-еуі ауданда бой көтереді. Қазіргі таңда 300 орындық «Жайлы мектептің» жер телімі белгіленген. Ардақ Әбдіғаппарұлы аудандағы жалпы білім беру ұйымдарының жай күйі де қатаң бақылауда екенін тілге тиек етті.

Аудандағы мектеп ғимараттарына жай жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 107 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектеп ғимаратын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 428,9 млн теңге бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жаңа оқу жылында аталған білім ошағының оқушылары жөндеуден өткен ғимаратта білім алады.

Ауданда мәдениет саласында да ауқымды жобалар жүзеге асуда. Биыл «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы аясында түрлі форматтағы 739 іс-шара өткізілген.

– Биыл аудан үшін ең ауқымды жобалардың бірі аймақ басшысының қолдауымен жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығы ғимараты бой көтеруде. Музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталығы биыл жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Мәдениет саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында Таң ауылдық мәдениет үй ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 351 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деді аудан әкімі.

Ауданда 14 мыңға жуық адам бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысуда. Бұл жалпы тұрғындардың 39 пайызын құрайды. Жергілікті спортшылар Әлем және Азия чемпионаттарында, облыстық жарыстарда түрлі деңгейде 376 медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Қазіргі таңда халықаралық дәрежедегі 2 спорт шебері, І разрядты 35 спортшы, спорт 11 шебері, 60 спорт шеберіне үміткер бар.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында жалпы құны 471,6 млн теңгені құрайтын денешынықтыру-сауықтыру кешені биыл ел игілігіне беріледі. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде 175 млн теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарлануда.

Ауданда денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. Бүгінде салаға көрсетілген қолдаудың жемісін ақ халаттылар ғана емес, аудан жұрты да көруде. Типтік үлгідегі жаңа аурухана, жаңа емхана аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде.

Былтыр ел тайқазанынан бөлінген 752,8 млн теңгеге Мырзабай ахун және Саламесек ауылдарында дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізіліп, ел игілігіне берілді. Жаңа нысандар бүгінде науқастарға сапалы, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін заманауи құрал-жабдықтармен жасақталған.

Биыл Қаракеткен ауылында жалпы құны 388,7 млн теңгені құрайтын типтік жобадағы жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды. Аталған нысан жыл аяғына дейін ел игілігіне беріледі. Сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен ауандағы денсаулық сақтау саласы биыл 7 жедел жәрдем автокөлігімен толықты.

– Экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған жұмыстар да жүйелі жүргізілуде. Бұл жұмыстарға бюджеттен 138,5 млн теңге қаралды. Атап айтқанда, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы аудан бюджетінен Жалағаш кенті мен 14 елді мекенге абаттандыру жұмыстарын жүргізуге 67,6 млн теңге бөлінді. Абаттандыру бағытындағы жұмыстарға 50,5 млн теңге және санитарияға 20,4 млн теңгеге тиісті жұмыстар атқарылуда. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы биыл аудандық бюджет есебінен 1 елді мекенде жаңадан балалар ойын алаңы салынып, 2 ойын алаңына жөндеу жұмыстары аяқталса, кенттегі 3 ойын алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына аудан тұрғындары белсенді қатысуда. Акция барысында кент және ауылдық округтерде 17 су жүретін канал тазартылып, 43 әлеуметтік нысанға, 7 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағына, 21 аллея мен саябаққа көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілді. Санитарлық-тазалық жұмыстарына арнайы техникалар тартылып, күл-қоқыстар белгіленген орындарға шығарылуда. Бүгінде науқанға барынша үлес қосу және туған өлкені көркейту-көгалдандыру мақсатында еріктілер, тұрғындар мен жастар жоспарланған әрбір шараға белсенді қатысып келеді, – деді спикер.

Брифингте ауданда демеушілер арқылы да жарқын жобалар жүзеге асып жатқаны айтылды. Мәселен, осыған дейін ауданда жалпы құны 751,4 млн теңгені құрайтын жобалар демеушілер есебінен жүзеге асқан. Атап айтқанда, жалпы құны 94 млн теңгені құрайтын 7 жобаның жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Инженерлік-инфрақұрылым жүйесін жүргізу және тұрғын үймен қамтамасыз етуге 492,2 млн теңгені құрайтын 11 жоба жүзеге асуда. Оның ішінде «Таң LTD» ЖШС арқылы жалпы құны 200 млн теңгеге Таң ауылына кіреберіс жолдың сол жақ бөлігінде 2 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар абаттандыру және ойын алаңдарын салуға 128 млн теңгеге 6 жоба жүзеге асуда.

Биыл да ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту бойынша нақты мақсат бар. Оның ішінде салықтық түсімдер көздерін, инвестиция тарту, кәсіпкерлік пен ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайту көзделген.

Биыл ауданның құрылғанына 85, ауданның айнасы «Жалағаш жаршысы» газетіне 90 жыл толып отыр. Аудан әкімі қос мерейтой қазан айында облыстық деңгейде атап өтілетінін айтты.

Брифинг соңында аудан әкімі БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалын да жауапсыз қалдырмады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Тарих

Түрксіб қалай салынды?

Түрксіб деген атпен белгілі Түркістан мен Сібірді, яғни оңтүстік пен солтүстікті жалғайтын теміржол жобасының идеясы 1896 жылы патша өкіметі кезінде туған. 1906 жылы «Барнаул – Семей – Верный – Пішпек – Меркі – Луговой – Арыс» теміржол құрылысына арнайы қаржы бөлінеді.

1914 жылы Ресей Теміржол министрлігі қазақтан шыққан тұңғыш инженерлердің бірі Мұхаметжан Тынышбаевты «Арыс – Пішпек» теміржол жобасының басшысы етіп тағайындайды. 1917 жылы төңкеріс бұрқ ете қалғанда теміржол құрылысы «Бурное стансасына» жеткен еді. Кейін жұмыс жалғастырылып, 1924 жылы Луговой –Пішпек желісі іске қосылды.

Тоқтап қалған жобаны сол кезде жұлдызы жарқырап тұрған Тұрар Рысқұлов қайта жандандырады. Ол 1926 жылы Ресей Халық комисарлары кеңесі төрағасының орынбасары болып Мәскеуге барысымен Түркісібті салуды қолға алды. Бұл істі ұйымдастыру үшін «Түркістан – Сібір» теміржолын салуға жәрдемдесу комитеті (КомСод) құрылып, Т.Рысқұлов оның төрағалығына бекітілді. Орталықтан қажетті қаржы, жұмыс және техника күші бөлінді. Түрксіб темір жолының Қазақстанның экономикалық күш-қуатын арттырудағы қажеттілігін жете түсінген Тұрар Рысқұлов 1924 жылдан бұл желінің ерекше маңызына айрықша назар аударып келді.

Жалынды Тұрар 1927 жылы Луговойға келіп, жиын өткізіп, үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Түрксіб құрылысы екі жақтан, Семейден, оңтүстікте Луговой стансасынан басталатындықтан, жалпы құрылыстың екі басқармасы – оңтүстік және солтүстік басқармалары құрылды. Қазақтың біртуар азаматы инженер Мұхаметжан Тынышбаев оңтүстік басқармасының жобалау-іздестіру жұмыстарының басшысы қызметіне тағайындалды.

Жобаның жұмыстарын қайта жүргізу үшін 14 партия құрылып, оның алтауы – Пішпек, сегізі Семей жақтан теміржол салынатын жолды қайта қарап шығып, ескі жобаға түрлі өзгеріс пен түзету енгізді. Жобалық-іздестіру жұмыстарын жүргізу барысында «Пішпек – Алматы арасын байланыстыратын бірнеше жоба жасалады. Қордай жобасы – Луговойдан шыққан теміржол Пішпек – Қордай – Отар – Алматыны» жалғайды. Ал Шоқпар жобасы – Луговой – Шу – Шоқпар – Отар – Алматы бойынша өтіп, қырғыз жеріне кірмейді.

Т.Рысқұлов басқарған арнайы комитет Түрксібті Пішпек қаласынан Қордай арқылы асыру жобасын тиімсіз, 20-30 шақырым жердің тауын бұзып, тасын жарып жол салу ауыр, мол қаржы, көп күшті талап етеді әрі қыстың боранды күндерінде қар үріп, жолды жауып тастайды деп, Шоқпар жобасына басымдық беріп, оны Луговойдан Алматыға Шу арқылы тарту жөнінде шешім қабылдады.

Түпкілікті шешім үшін, яғни Шоқпар немесе Қордай жобаларының бірін таңдауда тек мамандар ғана емес, Қазақстан мен Қырғызстан басшылығы мен жұртшылығы арасында қызу талас болды. Шоқпар жобасының жеңіске жетуі 22 млн сом үнемдеуге, құрылысты мерзімінен 1 жыл бұрын аяқтауға мүмкіндік береді. Теміржол отын ретінде ол кезде маңызды сексеуілі мол Мойынқұмға жақын өтеді делінгенмен, Қазақстан мен Қырғызстан басшылығы арасындағы ымырасыз күрес орын алды. Бұл бәсекелестікте шешуші рөлді Т.Рысқұлов, С.Қожановтар атқарып, оны қазақтың пайдасына шешіп берді. Нәтижесінде бұл жоба біздің Шу стансасын аймақтағы маңызды теміржол торабы стансасына, ал Пішпекті теміржол тұйығына айналдырады.

Түрксіб тарихын зерттеген М.Пэйн деген американдық ғалым Т.Рысқұловтың шешуші рөлі туралы: «Нәтижесінде Совнарком жанындағы Түркістан –Сібір теміржолын салуға жәрдемдесу комитеті (КомСод) құрылды, ол оның төрағасы ретінде Т.Рысқұлов бастаған Сібір өлкесі, Өзбек КСР және Қазақ КСР үкіметінің өкілдерінен тұрды. Т.Рысқұлов комитеттің теміржол бағытын салу және оны қаржыландыру, кадрларды іріктеу және жергілікті өнеркәсіпті қайта құру саясаты сияқты маңызды мәселелер бойынша шешуші рөл атқарды. Түрксібті саяси сүйемелдеу ретінде әрекет етті», деп жазды.

Халық комиссарлар кеңесі 1927 жылдың ақпан айында Түрксіб құрылысын «екпінді құрылыс» деп жариялап, оны қамтамасыз ету және қаржыландыру жағынан артықшылық берді.

Түрксіб теміржолы 1930 жылдың сәуір айында Талдықорғанға жетер тұстағы Өгіз-Қорған деген жерде туйісті. 1926 жылдың желтоқсанынан 1931 жылдың қаңтар айының аралығында 1440 шақырым теміржол төселді. Социалистік тәсілмен Өгіз-Қорған стансасының аты Айнабұлақ деп өзгертілді.

Құрылыстың жалпы құны 1930 жылғы баға бойынша 203,5 млн сомды құраған, яғни 1 шақырым теміржол 141 мың сом тұрған. Әрине, бұл сандардың қазіргі оқырман үшін ешқандай мағынасы жоқ. Бірақ салыстырмалы түрде алғанда, ол кезде Қазақстан жылына 20 млн сом шамасында салық жинайтын.

Шу стансасының негізі 1928 жылы Тоғай ауылының қасында қаланды. Оның тұрғындарын негізінен теміржолда істейтін Ресей мен Украинадан көшіп келген жұмысшылардың отбасылары құрады.

Түрксібті салудың басты мақсаты – кеңес одағының мақтаны шетелдерден сатып алуға тәуелділігін жою үшін оңтүстік республикалардағы егістік жерлерді мақтаға босатып, ал ол жерлердегі халыққа қажет бидайды Сібірден, Қазақстаннан жеткізу болатын.

Түрксіб құрылысы туралы бұл ақпарат айдың бергі күн түсетін жағы, ал көлеңке жағының бейнесі қандай еді?

Ұлттық аймақтарда орналасқан ірі өндірістік жобаларды жүзеге асырғанда жергілікті кадрлар жоқ деген желеумен ішкі Ресей мен Украинадан жұмысшылар әкелу коммунистердің сүйікті тәсіліне айналды. Бұл патшалық отарлық саясаттың халықтар достығы деген жабумен қайта жандануы еді. Құрылысқа бүкіл кеңес одағынан жұмысшылар ағылып келген, бір уақытта бұл жобада 50 мыңға дейін адам істеген деген мәлімет бар. Қазақ негізінен қара жұмыспен айналысқан. М.Пэйн Т.Рысқұловтың жұмысқа қазақты тарту үшін қажырлы еңбек еткенін атап өтеді. Оның айтуы бойынша: «КомСодтың негізгі жұмысы кадр мәселесін қарастыру болды. Қазақстан жұмысқа қабылдау жөніндегі комиссариатпен күресінде Түрксіб мыңдаған қазаққа жұмыс беріп, оларды өнеркәсіптік еңбекке баулиды деген үмітпен табанды және табысты болды. Қазақты құрылыс жұмыстарына тарту қазақстандық пролетариаттың нативициясы бойынша ең маңызды проблема болып табылды. Теміржол құрылысы шеткері аймақта жергілікті тұрғындардан жұмысшы табын құруға мүмкіндік береді және көшпелілердің отырықшылыққа көшуіне ықпал ететін болады. Құрылыс үшін он мыңдаған қара жұмысшы қажет болғандықтан, қазақтың едәуір санын жинаған жағдайда Түрксіб жергілікті құрылыс кадрларының корпусын жылдам құру перспективасын берді».

Жергілікті билік алып құрылыс қазақ социалистік пролетариатының, яғни жұмысшы табының қалыптасуына септігін тигізеді деп күткенімен, кеңес одағының Наркомпуть министрлігі жұмысшылардың 75 пайызын ішкі Ресейден әкелуді ұсынды. Құрылыс жұмыстарына жергілікті қазақты тарту өте тартысты өтті. Орыс жұмысшылар өз біліктілігімен бөліседі, қазақ пролетарлар табы қалыптасады деген үміт ақталмады. Жұмысқа алынғанның өзінде де қазақ еңбекшілері жер қазу, тас сындыру секілді тек ауыр да қара жұмысқа тартылды. Ресейдің ішкі жағынан келген орыс жұмысшылары басқа тілде сөйлейтін, діні басқа көшпелілермен өзара түсіністік орнатамады. Қазақ жұмысшылары кәсіподақ, кооперативтерге кіргізілмеді. Олар жұмысты артель түрінде атқарды. Артель басында орыс бригадирлері тұрды. Қазақ жұмысшылары үшін жергілікті ауа райы үйреншікті, тапсырылған жұмыс көлемін талап етілген мерзімде орындағанымен, оларға жалақы уақтылы төленбеді, қол көтеру, табыстарын иемденіп кету фактілері орын алды, олардың арыз-өтініштері мүлдем қаралмады.

Кеңес өкіметі өндірісте алғаш рет пайда болған қазақ жұмысшыларының одан да көптеп келуін қамтамасыз ету мақсатында оларға Қызыл армия ардагерлері, жас жұмысшылар мәртебесін берді. Бірақ ұлттық азшылықты өздерінен кем санайтын орыс жұмысшылар қазаққа берілген жеңілдіктерді кірпідей жиырылып теріс қабылдады.

Кеңес өкіметінің «жергіліктендіру» саясатына сәйкес алып құрылыс жұмысына қатыса бастаған қазақ еңбекшілеріне басқа ұлттардың өшпенділігі адам айтқысыз еді. Олар кем дегенде қазақпен сөйлескенде дөрекі, боғауыз сөздерді қолданып, шектен шыға астамшылық көрсететін. Орыстың ең сүйікті істерінің бірі – асханаларда шошқаның майын қазақтың аузына, алдындағы нанына кенеттен жағып жіберу болатын.

Шетелдік ғалым М.Пэйн: «Қазақ үстірт мұсылмандар саналғанымен, діни шектеулерді бұлжытпай ұстанатын. Қазақ үшін доңыз етін жемеу мұсылман болып қалуды білдірді. Бұл өз болмысын сезінумен тікелей байланысты еді», деп әділ жазды.

Қазақ жұмысшылары бірден пролетариатқа айналып кеткен жоқ. Олар ата дәстүрі бойынша міниі ат, тазы ұстауға тырысты. Мас орыс тарапынан тазы иттердің құйрығын кесіп, аттарын далаға айдап жіберу оқиғалары орын алған.

1928 жылдың 31 желтоқсанында Түрксібтің Сергиополь тармағында үлкен ұлтаралық қақтығыс орын алды. Жұмыс орындары үшін қазақпен бәсекеге түсуге, өз мамандықтарын үйретуге наразы 400-ге жуық орыс жұмысшылар көздеріне түскен кез келген қазақты ұрып-соға басшылық мансаптарында бар болғаны 145 оқыған қазақ жұмыс істеді. Бұл барлық басшылық қызметкерлерінің 5 пайызы ғана еді. Олардың 25-і жоғары мансаптарды иеленді. Техникалық персоналдың 8,2, әкімшілік қызметкерлерінің 8,7 пайызын қазақ құрады.

Қазақ жастары білікті жұмысшылардың деңгейін де, жоғары техникалық мамандықтарды да жылдам игере алатындықтарын көрсетті. Аштық апатынан қазақ санының кеміп, республика тұрғындарының 35 пайызын құрағандығына қарамастан, елдегі өнеркәсіп жұмысшыларының 41 пайызы қазақ жұмысшыларынан тұрды.

Түрксіб теміржолы жобасы 1926 жылдың соңында басталып, 1931 жылдың қаңтар айында іске қосылған кезге дейінгі аралықта Қазақстанда түбірлі өзгерістер орын алды. Байлар тап ретінде жойылып, ұжымдастыру халықтың бұрынғы өмір сүру салтын бұзып, көптеген ауданда азық-түлік жетіспеушілігі орын ала бастады және ашаршылық 1932–1933 жылдары Шу бойында қаһарына мінгенде осы жолмен әрлі-берлі жүйткіген отарбалар жергілікті халықты құтқару үшін бір қап бидай да әкелген жоқ.

Түрксіб теміржол құрылысын сөз еткенде Шу стансасынан Мойынқұмға сұғына салынған ұзындығы 230 шақырымдық «узкоколейка» туралы айта кету керек. Жергілікті кадрлар теміржол бағытын ұзақ жылдар басқарды.

Мойынқұм құмдарындағы теміржол 1928-1956 жылдары жұмыс істеді және сексеуілді әкетуге арналған жоба болды. Құмда сексеуіл қирату бұрын-соңды болмаған ауқымда жүрді. Тракторлар жұппен жүрді, артынан ауыр шынжыр сүйреп апарды. Сексеуіл тамырымен жұлынып, шұңқырлар қалды. «Узкоколейкада» тот басқан рельстер, шіріген шпалдар сақталған.

Қорытындылай келе, Түрксіб теміржолының басқа бағытта емес, Шу арқылы өтіп, Шоқпар асуынан әрі қарай Алматыға бет алуына Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, С.Қожановтардың ықпалы зор болған. Бұл азаматтардың Шу вокзалында кем дегенде барельефтері тұруы керек емес пе?

Қайрат СӘКИ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Қауіпсіздік қаперде болсын

Мопед мінген 27 жас көз жұмды

Ауданымызда жыл басынан бері 41 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның 23-і мал қағу оқиғасы бойынша орын алған. Бүгінде жол-көлік оқиғасы салдарынан 4 адам түрлі дене жарақатын алып, 3 адам қайтыс болған. Сондай-ақ мас күйінде көлік құралын басқарған 14 адам тіркелген. Салдарынан 4-уі жол-көлік оқиғасына ұшырып, абырой болғанда адам шығыны болмаған. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен аппараттық мәжілісте кеңінен тарқатылды.

Аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің мәліметінше өткен жылмен салыстырғанда жол-көлік оқиғасының күрт өсуіне басты себеп кент ішінде жол белгілерінің ескіріп, сапасы сын көтермейтіндігі. Сондай-ақ бағдаршам мен жол кедергілерінің аздығы. Олардың айтуынша бүгінде жол белгілерінің 90 пайызы ескірген.

Мұнан бөлек, соңғы уақытта ауданда жасөспірімдердің мопед, скутер айдау фактілері де жиілеп кеткен, яғни мопед қазіргі жастардың сүйікті құралына айналған. Бағасы да қолжетімді. Желмен жарыса жүретін көліктің бұл түріне сұраныс күннен-күнге артуда.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, елімізде жыл басынан бері мопед мінген 542 жас жол апатына ұшырап, 27 адам көз жұмған. Жарты жылда 31 мыңнан астам мопед жүргізушісі жол қауіпсіздігі ережелерін бұзған.

Аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы Мәулен Өсердің айтуынша ауданда мопед мінген жастардың 7-уінің ата-аналарына шара көрілген. «Мақсат – айыппұл салу емес, тәртіпке шақыру», деген ол аудандағы ахуалды тұрақты ұстап, жол-көлік оқиғасын азайту бағытында атқарылып жатқан рейдтік шаралар мен жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ ауданда 18 жасқа толмай көлік тізгіндеп, жол-көлік оқиғасына түскен 1 жас тіркелген. Ескертуге елең етпей, көлікті есіріп айдайтындарды қара жол кешірмейді. Сондықтан жол-көлік оқиғасының алдын алу бағытында тек тәртіп сақшылары ғана емес, үйдегі ата-аналарда жұмыла жұмыс жасауы қажет.

Қазір жолдан да, малдан да келетін қауіп көп. Өздеріңіз білетіндей, елімізде жыл сайын көптеген ауыр дене жарақаттары мен адам өліміне әкеп соғатын жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі түнгі мезгілде тас жолға шауып шыққан немесе жолда жүрген ірі қара, жылқы, түйе малдарының кесірінен болуда. Төрт түліктің түнделетіп кент орталығындағы көшелерді кезіп жүруі екі күннің бірінде көлік қозғалысына кедергі келтіруде.

Осы ретте аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы барлық мал шаруашылығымен айналысып отырған тұлғаларға, азаматтарға мал түрлерінің мойындарына арнайы шағылыстырғыш ленталарды тағып қоюды түсіндіру қажеттігін ескертті. Сондай-ақ жол-көлік оқиғаларын болдырмау және оның алдын алу мақсатында елді мекендердегі малдарды кезекпен немесе пада арқылы бағуды қамтамасыз етуді тапсырды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Сақтансаң, сақтайды

Дала өрті қауіпті

Қазіргі таңда ең маңызды мәселелердің бірі жаз айы мезгіліндегі орман және дала өрттерінің қауіпсіздігін сақтау болып отыр. Бұл ұғымға барлық орман өрттері, дала және егін алқаптарындағы өрттер жатады, олардың барысында өсімдіктер, торф және басқа да жанғыш қазба байлықтары бақылаусыз жанып жатады.

Орман өрттері ағаш және шіліктерді, орманда әзірленген өнімдерді, құрылыстар мен ғимараттарды жояды. Өрттен әлсіреп қалған өсімдіктер зиянды ауруларға шалдығады, бұл өрттен зақым келген ағаштармен бірге маңындағы өсімдіктердің де құруына әкеліп соқтырады. Өрт салдарынан орманның қорғау, ылғал сақтау және басқа да пайдалы қасиеттері жойылып, құнды фауна құртылады. Негізінде, өрттердің 80 пайызы халықтың еңбек ету және демалу орындарында өртпен абайсыз болуынан және орманда жарамсыз техниканы қолданудан туындайды. Сондай-ақ дала өрттері сырттан келген себептерден туындайды. Себебі ағаштардың арасында отты шығу көзі жоқ. Кейде кездейсоқ найзағай тиеді, алайда көбінесе адамдар себепкер болып жатады. Дала өрттерінің пайда болуына бірден-бір себеп, ұзақ уақыт бойы жауын-шашынның болмауы, күннің аптап ыстығы мен желдің қатты соғуы және адамдардың от ошағын сөндірмеулері салдарынан болады.

Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада отты барынша абайлап қолдану керек және бұны басқалардан да талап ету қажет. Өрт қаупі кезеңінде далада от жақпаңыздар, сөндірілмеген темекі тұқылдарын және сіріңкелерді тастамаңыздар! Сондай-ақ демалушы азаматтардың каперіне: өздері демалыс ұйымдастырған жерлерде тазалық сақтау, жағылған от көздерін сөндіру, яғни үйлеріне қайтар мезгілінде оттың сөндірілгеніне сенімді болуы керек.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Хабарландыру

«Ауыл» кредиттік серіктестігі» ЖШС-нің №12 санды 2024 жылғы 2 тамыздағы серіктестіктің басқарма отырысының хаттамасының шешімімен серіктестік құрамынан қатысушылардың шығуына байланысты серіктестіктің жарғылық капиталы азайтылғандығын өзінің барлық қатысушыларына, кредит берушілеріне хабарлайды.

Серіктестік кредит берушілеріне қатысушыларына«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның мына мекенжайында: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі № 4 ғимаратында орналасқанын және талаптар бар болса жазбаша нысанда жолдауды сұрайды.

БСН: 010640000062

Жалағаш ауданы әкімдігінің «Тан ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Тан ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Тан	**Сейдахметов Кайрат Бегимович**	Тан ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін	Тан ауылы, Орынбай жырау көшесі №5	37-1-63
2	Жаңақоныс	**Сейдахметов Кайрат Бегимович**	Тан ауылдық округі әкімі	Жұма сағат 15.00 ден 17.00 ге дейін	Жаңа қоныс елді мекені, Фельдшерлік бөлім	40-5-60

Еңбек адамы

Мамандықтың қай-қайсысы болса да үлкен жауапкершілікті талап ететіні рас. Сондай үлкен әрі күрделі саланың бірі – теміржол саласы. Иә, тамыз айының алғашқы жексенбісі теміржолшылар күні. Қиындығы мен қызықшылығынан бұрын, асқан жауапкершілікті талап ететін шойын жол мамандарының қашанда еңбегі ерен. Мереке қарсаңында аталған сала қызметкерлерімен тілдесіп, жұмысының жай-жапсарымен танысқан болатынбыз.

Жолсерік Ғазиз

Пойыздағы жолаушылардың діттеген жеріне алаңсыз жетуіне жағдай жасайтын бірден-бір адам ол – жолсерік. Кейіпкеріміз Ғазиз Омаров «Марал-Нұр» ЖШС-ның жолсерігі. Ол теміржол арқылы «Қызылорда-Павлодар» бағытына жолаушы тасымалымен айналысады. Вагонның есігінен еңсесі енген халыққа діттеген жеріне жетем дегенше қалтқысыз қызмет көрсететін ол – өз ісінің маманы.

– Негізгі мамандығым – есепші. Алайда былтырдан бастап осы теміржол саласында еңбек етіп келемін. Әрине халықпен жұмыс жасау оңай емес. Әйтсе де, өзіме осы жұмысым қатты ұнайды. Кейде вагонға мінген танымайтын адамдармен тез тіл табысып, олар діттеген жеріне жеткен кезде қимай қоштасып, амандық саулығымызды тілеп қалатын кездер жиі болып тұрады, – дейді Ғазиз Омаров.

Халыққа адал қызмет етуді басты міндеті санайтын кейіпкеріміз жұмыс түрін талғамайды. Ұйқысыз талай таңды атырып, көпшіліктің көңілін табатын ол жолаушылар арасында әртүрлі оқиғаға тап болғанын жеткізді.

– Әсіресе түнгі мезгілінде мінетін жолаушылардың көңілін табу қиын. Бірі тойдан шығып шаршап мінсе, енді бірі ұйқысы қанбағанына қабақ шытып тұрады. Сонда да олардың көңілін тауып, төсек жабдығын дайындап беріп, қолайлы жағдай жасауға тырысамыз. Бірде вагонға жас отбасы мінді. Анасының құшағына құлаған балақай 1 жасқа да толмаған екен. Ол түнімен жылап, вагондағы жолаушылардың мазасын алды. Үлкен кісілер түн ұйқысын төрт бөлсе де бір шағым айтпай, балаға жабылып қарап, таңға дейін кезектесіп бағып, ақыр соңында қимай қоштасқанбыз, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, халық көп шоғырланатын орын болғандықтан, олармен тілдесу барысында қызық оқиғалар жиі болып тұратыны рас. Кейіпкеріміз вагонда үлкен кісілер жағы ру сұрасып, бір-біріне туыс тауып жатса, жастар жағы басқосып, вагон кешін көңілді етіп, әнмен әрлейтінін айтады.

Жолсерік жолаушының тек бағыт алған жеріне аман-есен жетуіне дейін қолайлы жағдай жасап қана қоймай, қажет болса түрлі маман иегері бола алады. Оған сұхбат барысында көз жеткіздік, яғни кейіпкеріміздің айтуынша, ол әдеттегідей жұмыс күндерінің бірінде абайсызда нан турап отырып, қолын өткір пышақпен кесіп алған жас қызға алғашқы медициналық көмек көрсеткен. Бәрінің батылы жетпей қорқып тұрған шақта кейіпкеріміз дәрі-дәрмек қорапшасындағы қажетті дәрілер арқылы жолаушының жарасын таңып, алғысын алған.

Вагонға мінген кез келген жолаушының өмірін бәрінен биік қоятын Ғазиз Омаров көмек көрсетуге қашан да даяр. Біріне інісіндей, ал енді біріне ағасындай қамқорлық көрсететін ол жұрт қалың ұйқыға дайындалғанда да вагонды бір шарлап «жамылғы қажет емес пе?» деп үлкен-кішіге бірдей ілтипат көрсетеді. Оның тынбай еңбек етіп, адал қызмет көрсетуіне мамандығына деген махаббаты себепкер.

– Вагонның іші таза, жанға жайлы. Барлық жағдай жасалған. Қыста жылы, жазда салқындатқыш арқылы салқын болып тұрады. Жолаушылардың басым көпшілігі вагон сапасына риза. Жұмыс бабымен отбасымнан көбіне жырақта болам. 8 күндік жұмыста бірнеше қалаға бас сұғып, туған жерге табан тіреп, қайта кері жолға шығуға дайындалып жатқанда бірнеше минутқа болса да көріп, сағынышын басуға іздеп келетін отбасымның бары, жұмыстан асығып үйге оралуыма себепкер, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, бүгінде халықтың батасы мен алғысын арқалап жүрген Ғазиз отбасында асқар тау әке, ардақты жар. Ал жұмыс бабында жолаушырына қамқор болатын жолсерік.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ауданда теміржол саласына 40 жылдан астам ғұмырын сарп еткен Үрліхан Әбдіғаппарованы білмей жан кемде-кем. Саналы ғұмырын сол салаға сарп етіп, өзінен кейінгі буынға қыр-сырын үйретуден жалықпаған апамыздың өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа үлгі болары анық. Бүгінде ақжаулықты ананың қызы Гауһар Қоңыратбайқызы да аудандағы теміржол вокзалында анықтама бөлімінде абыройлы қызметіп келеді.

Теміржолшылар династиясы

Иә, теміржол – ең күрделі әрі ауқымды саланың бірі. Алып жердің бетінде қан тамырдай таралған шойын жол бойында бір сәт үзілмейтін қозғалыстан тұратын саланың қиындығы айтпаса да белгілі. Ауыр тіркемелер кідіріссіз әр қиырға жол тартуы үшін қысқы аяз бен жазғы аптап ыстықта жұмыс істеу кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Себебі бұл сала еңбекқорлықты, шыдамдылықты, төзімділікті қажет етеді.

Үрліхан апамыз Еңбек жолын қазіргі Сырдария ауданынан бастайды. Сол өңірде бір жылдай кассир болып еңбек еткен ол кейін жұмыс бабымен Жалағаш ауданына келді. Мұнда 40 жыл жүк қабылдаушы болып еңбек етті. Сол тұстағы жұмыстың қиындығына мойымаған апамыз өзінен кейінгі буынға да үлгі болды.

1976 жылдары ауданда үлкен әлеуметтік нысандардың құрылысы басталған еді. Тіпті сол тұста «Жалағаш құрылыс алаңына айналды» десе де болады. Қазіргі элеватор, бірнеше білім ошағы, дария көпірінің құрылысы жетпісінші жылдардың ортасында қарқын алған еді. Сол нысандардың құрылыс материалдарын Үрліхан апамыз бір өзі қабылдап алып, тапсырыс иелеріне түгел жеткізіп беретін. Кейіпкеріміз кейде 54-55 вагон жүкті қабылдап алғанын айтады.

Үрліхан Әбдіғаппарова 2010 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін осы салада тұрақты еңбек етті. Қазір қызы Гауһар анасы салған сара жолмен ізін басып келеді. Бүгінде Г.Қоңыратбайқызының да бұл салада еңбек етіп жатқанына 15 жылдай уақыт болды.

Иә, әйел – барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Себебі олар қай салада болсын өздерін еңбек ету арқылы дәлелдеп келеді. Гаухар Қоңыратбайқызы – бүгінде Жалағаш теміржол вокзалындағы анықтама бөлімінің қызметкері. Аудан орталығындағы №31 орта мектебін бітірген Гаухарды жас кезінен теміржол саласының қызметі қызықтырушы еді. Бұған бірден-бір себеп теміржол саласында кассир, жүк қабылдаушысы болып жұмыс істеген анасы Үрліхан Жұмаділқызының саналы ғұмыры болатын.

Анасының еңбек жолын жалғастыруды мақсат еткен Гаухар Қызылордадағы Исатай Әбдікәрімов атындағы аграрлық теміржол колледжіне оқуға түскен. Одан кейін Алматыдағы Қазақ қатынастар университетінде оқып, теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және басқару жөніндегі инженер мамандығы бойынша білім алған. Теміржол саласында жолаушыларға қызмет ету, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, вагондармен жеткізілген халық шаруашылық жүктерін қабылдап алу секілді жұмыс түрлері көп. Сол жұмыстарды абыроймен атқарған Гаухар қазіргі уақытта анықтама бөлімшесінде өзіне жүктелген міндетін абыроймен орындап, анасының өнегелі жұмысын жалғастырып келеді. Сондай-ақ ол бұл салада еңбек ету тек жұмысыңа мығым болуды ғана қажет етпейтінін айтады. Сөзінше, жолаушылармен де жақсы қарым-қатынас орнату ерекше маңызға ие.

– Салада азды-көпті жинаған тәжірибеміз бар, ардақты анам салған сара жолмен келемін. Себебі ол да – осы саланың ардагері. Анамның салада қажырлы еңбек еткенін Жалағаш жұрты жақсы біледі. Мен де шамашарқымша халыққа қызмет етемін. «Мамандыққа адалдық» деген бар, өзім қалаған маман иесі бодым және соған сай еңбек етемін, – дейді кейіпкеріміз.

Ел экономикасының күретамыры саналатын күрделі салада еңбек етіп жүрген Гаухар бүгінге дейін көптеген алғыс хаттармен марапатталған. Қазіргі таңда ол өнегелі отбасында 1 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр. Қызын қияға қондырып, 2 немере сүйіп отырған аяулы ана, асыл жар, ардақты әже.

Теміржолшылардың тынымсыз еңбегі мен қажырлы қайраты қуатты Қазақстанның экономикалық әлеуетін арттыруға қомақты үлесін қосуда. Өйткені айшылық алыс жерлерге аман-есен жетуде, жолаушының жол азабын азайтуда, оған қоса жүк тасымалының қарқынды дамуының артында теміржолшылардың темірдей тәртібі, ерен еңбегі тұр.

Гауһардың ағасы Нұрлан Жолдасов та осы салада 20 жылдан бері жұмыс жасайды. Станция кезекшісі аудан үстінен өтетін отарбалардың кедергісіз жүруін қамтамасыз етеді. Жалпы бұл отбасын теміржолшылар династиясы десе де болады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Маман мерейі

Түтіні будақтаған пойыз, жолаушылар тиеген вагон, шойын жолдар – бір сөзбен теміржол саласы. Бұл салада еңбек ететін мамандарды да бір сөзбен теміржолшы деп айтамыз. Алайда бұл атаудың артында бірнеше мамандық иесі тұр екенін біле бермейміз. Олардың қатарында машинист, жолшы, жолсерік сияқты жұмысшылар, инженер, диспетчер, станция, вокзал мен бөлімшелер қызметкерлері бар. Бірі қара күшті қажет ететін жағында, енді бірі зерделі зейін мен жедел әрекетті талап ететін сатыларында жұмыс істейді. Қызметтің бір парасы техникалық терең біліммен, тың тәжірибенің арқасында атқарылады.

Мен таңдаған мамандық

Жүйіткіген пойызға мінген қаншама халықты барар жеріне аман-сау жетуіне, пойыздың әр теміріне мұқият болу – теміржолшылардың міндеті. Бұл салада аянбай тер төккен адамдардың еңбегі қай кезде де елеусіз қалмайды. Қызығынан қиындығы басым саланың жілігін шағып, майын ішкен мамандарға халықтың да алғысы шексіз. Не керек, тілшілік топ сондай азаматтың бірі жас та болса, өз ісінің маманы жалағаштық Дәулеткерей Ибрагимді теміржолшы мерекесімен құттықтап, мамандығының қыр-сырын сұрап қайттық. Екеуара жасаған диалог барысында сан сауалға жауап тапқандай болдық, бір жағынан теміржолшылардың шойынжолда жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қалай еңбек ететініне қанықтық.

Кейіпкеріміздің теміржол саласында он жылдан астам тәжірибесі бар, осынша уақытта саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып, жауапкершілікті бірінші орынға қоя білген. Соның нәтижесі шығар, небары екі жыл қарапайым путис болып жүрген бозбала көп ұзамай бригадир болып шыға келді. Жастардың жұмыста сатылағанын естісек қуанамыз, әрине.

– Жұмысымыз таңғы сағат сегізден басталады, содан кешкі беске дейін шойынжолдың бойында уақытымыз өтеді. Жай өтпейді, жолдың бойында отарбаның еркін жүйткуіне не кедергі, соның барлығын анықтап, қалыптасқан ақауды тез арада қалпына келтіреміз. Әрқайсысымыздың өзімізге артылған міндетіміз бар, бригадир қарамағындағы әріптестеріне күнделікті атқаратын жұмысын анықтап береді және оны солармен бірге өзі де жүзеге асырады. Бізде «анау менің жұмысым, мынау сенің міндетің» деген қатып қалған қағида жоқ. Бәріміз жұмылып жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз, – дейді бригадир.

Дәулеткерей Ибрагим теміржол жөндеуші болып тұрғанда рельстерді шпалға кастелмен отырғызып, жолдың бойындағы басқа да ақауларды қалпына келтірумен айналысқан. Қазір де бұл жұмыстар жалғасын тауып жатыр. Негізінен теміржолшылар шойынжолды көктемде және күзде жаңалап отырады екен. Бұл жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарғандықтан сала майталмандары осыған басымдық береді.

– Рельстер көктемде және күзде ауысып отырады. Бұдан кей адамдарда «содан кейінгі мезгілдерде не істейді» деген сауал туындауы әбден мүмкін. Теміржолшылардың бір минут уақыты бос өтпейді, жаңа өздеріңіз де көріп отырсыздар, сіздер келгеннен қолы қалт еткен бір адам жоқ. Өзімізге белгіленіп берілген аумақта жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянып қалмаймыз. Бұл біздің міндетіміз де, соған адал болу – әрқайсысымызға парыз. Қарапайым халыққа да малды жайылымға қараусыз жібермеуі үшін түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Себебі қараусыз мал шойынжолдың бойына шығып мәселе туындауы мүмкін. Бетін әрі қылсын, әзірге мұндай жағдайлар орын алған емес, бәлкім мұның барлығы түсіндірме жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілгенінің арқасы деп ойлаймын. Әріптестерімнің әрқайсысының өзіне артылған міндеті бар, соған адал, сондықтан мен олармен мақтанамын, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, шойынжолдың бойында жай жүрген теміржолшы жоқ. Барлығы өз ісіне адал, «қайтсек қауіпсіздіктің алдын аламыз» деген сауалға жауап іздейді және осы жолдағы ізденісі де нәтижелі. Жолаушы не үшін жүргенін білер, бірақ сол қалың жұрттың қауіпсіздігі жолында қандай еңбек жүріп жатқанын бірі білсе, бірі білмес.

Дәулеткерей бұған дейін салада еткен еңбегі үшін басшылық тарапынан бірнеше рет марапат төрінен де көрініпті. Адал еңбегімен нәпақасын тауып, теміржол саласының өркендеуіне өз үлесін қосып жүр.

Ерлан СОЗАҚБАЙ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1216

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ